

## Арал ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету тарифін бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі N 159 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 мамырдағы N 4666 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 мамырдағы № 251 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 04.05.2019 № 251 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексінің 19-1 бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Арал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арал ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету тарифі айына тұрғын үйлерден бір адамға 160 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал аудандық мәслихатының  
кезекті жиырма алтыншы  
сессиясының төрағасы  
Арал аудандық  
мәслихатының хатшысы

С. Ниязов

К. Данабай